Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық тапсырмада (Шартқа №2 қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

1.3.1. «Шарттың жалпы сомасы» – Мердігердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағаны үшін Тапсырыс беруші Мердігерге төлеуге тиіс сома. Бұл сомаға барлық материалдардың, жұмыс күшінің, машиналар мен механизмдерді пайдаланудың құны, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ Шартты орындауға байланысты қажетті өзге де тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны кіреді.

1.3.2. «Ілеспе көрсетілетін қызметтер» – Жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін қызметтер, яғни жұмыс күшінің, материалдардың, инженерлік жабдықтың, көлік шығыстарының, машиналар мен механизмдерді пайдаланудың, сақтандыру шығыстарының, іссапар шығыстарының құнын, технологиялық процестің мәнін сипаттауды, өнертабысты, жұмыс тәжірибесін беруді, сондай-ақ Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында және оларды орындау үшін қажетті өзге де қызметтерді қамтитын кез келген қосымша қызметтер.

1.3.3. «Бастапқы есепке алу құжаттары» – қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда ресімделген әрі осы Шарт бойынша Тауардың жеткізілгенін растайтын құжаттар. Осы Шарт бойынша бастапқы есепке алу құжаттарына, оның ішінде, қабылдау-тапсыру актілері мен тауарға арналған жүккұжаттар жатады.

1.3.4. Қор – «Самұрық-Қазына» АҚ.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда көзделген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.4.1. осы Шарт;

1.4.2. сатып алынатын Жұмыстардың тізбесі – Шартқа №1 қосымша;

1.4.3. техникалық тапсырма – Шартқа №2 қосымша;

1.4.4. орындалған Жұмыстардағы ел ішіндегі құндылық үлесін есептеу нысаны – Шартқа №3 қосымша;

1.4.5. орындалған Жұмыстар актісінің нысаны – Шартқа №4 қосымша;

1.4.6. орындалған Жұмыстар туралы есеп нысаны – Шартқа №5 қосымша;

1.4.7. Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік жоспары – Шартқа №6 қосымша;

1.4.8. төлем шотының/инвойстың (резидент емес тұлғалар үшін) нысаны – Шартқа №7 қосымша;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.4.9. еңбек қатынастары саласындағы талаптар – Шартқа №8 қосымша (жер қойнауын пайдаланушының кен орындарында жұмыстар орындалған жағдайда қосалқы мердігерлік шарттарды жасасу кезінде қолданылады).

1.4.10. Санкциялық ескерту – Шартқа №9 қосымша.

1.4.11. Электрондық шот-фактураның нысаны – Шартқа №10 қосымша.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қолданылатын салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер кіреді.

2.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.4. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.5. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.5.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеуді (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Төлем шоты/инвойс.

2.5.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазып берілген электрондық шот-фактура;

2.5.3.1. Шот-фактураны Мердігер ресімдеу кезінде: - «Алушы» жолында мынадай деректемелер көрсетілсін: ВСН 140340010451 «ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасы Астана қ., Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 17 ғимарат, т.е.б. 16, , KZ546010111000193945, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның банкінде. БСК HSBKKZKX - «Жүк алушы» деген жолда мынадай деректемелер көрсетілсін: ВСН 180541015056, «ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Атырау филиалы ". Қазақстан Республикасы, 060097, Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая шағын ауданы, Елорда,даңғылы 10 құрылыс. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ банкінде ИИК KZ696010141000042402 БСК HSBKKZKX

2.5.4. пайдалануға беру актісі (қажет болған жағдайда);

2.5.5. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі орындалған Жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге. Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер Тапсырыс берушіден өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға және Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

2.6. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойлыған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толықтай немесе ішінара дау айтса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді дереу хабардар етуге тиіс, ал дау Тапсырыс берушінің пайдасына шешілген жағдайда Мердігер соманың дауланбайтын бөлігіне қайтадан шот ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші мен Мердігер даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін бар күш-жігерін салуға тиіс.

2.8. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем жасау үшін қажетті құжаттар топтамасын, оның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемнің кешіктірілуі үшін жауапты болмайды.

2.9. Мердігермен есеп айырысу кезінде Мердігер Тапсырыс берушінің біржақты тәртіппен (өзара есепке жатқызу жүргізу тәртібімен) Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге тиіс соманы төмендегі сомаларға азайтуға құқылы екендігімен келіседі: - Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс беруші ұсынатын айыппұл санкцияларының және/немесе залалдардың сомасына; - Мердігердің Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешек сомасына.

2.10. Тараптардың мекенжайы, электрондық поштасы, телефон нөмірлері немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тараптардың әрқайсысы тиісті өзгерістер туралы бір-бірін жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндеттенеді. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және жеткізілгеннен кейін немесе хабарламада көрсетілген күшіне ену күні басталғаннан кейін (егер хабарламада көрсетілсе), осы күндердің қайсысы кешірек басталса, сол күннен бастап күшіне енеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркелген тұрақты мекеме арқылы Жұмыстар орындалған жағдайда, Мердігер Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді дербес төлейді (осы тармақ Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда қолданылады).

2.12. Қазақстан Республикасының салықтар, баждар және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері мен талаптары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімі, талаптары, көлемі мен орны осы Шартқа № 1, № 2 қосымшаларымен анықталады.

3.2. Жұмыстар Шартқа № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес Жұмыстарды орындау актісіне сәйкес көлемде және сапада Тапсырыс беруші мен қабылданады. Тапсырыс берушінің Орындалған жұмыстар актісіне түпкілікті қол қоюы Жұмыстарды орындау күні болып саналады.

3.3. Тапсырыс берушінің аумағында жұмыстар орындалған жағдайда, Шарт бойынша Жұмыстарды орындауды бастамас бұрын, Мердігер өзі және өзінің қосалқы мердігерлері үшін Жұмыстарды жүргізу мақсатында Тапсырыс берушінің аумағына кіруге арналған рұқсат-нарядты Тапсырыс берушіден алуға міндетті. «Рұқсат-наряд» – Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша жасалған, Мердігерге (қосалқы мердігерге) Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіруге құқық беретін және Мердігердің (қосалқы мердігердің) жарақтандырылуының Шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат.

3.4. Рұқсат-нарядты алу үшін Мердігер осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес Мердігердің Шарт бойынша барлық талаптарға сай жабдықталғанын растайтын барлық құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарының көшірмелерін және қосалқы мердігер қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттарды, рұқсат беру құжаттарын, оның ішінде орындалатын Жұмыстарға арналған лицензияларды, сертификаттарды, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды және Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын ұсынады, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) Мердігердің Шарт талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында Тапсырыс берушіге Мердігердің өндірістік базасына тексеру жүргізу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе тексеру нәтижелері бойынша Мердігер мәлімдеген жабдықталу деңгейі расталмаған жағдайда, сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Тапсырыс берушінің жазбаша жауабымен Рұқсат-наряд беруден Мердігерге бас тарту рәсімделеді, бұл ретте Мердігер Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Шартқа №№1, 2 қосымшаларға сәйкес және Шартта белгіленген мерзімдерде Жұмыстарды сапалы орындауға міндетті.

4.1.3. Қажетті жоғары сапалы материалдарды пайдалана отырып, Жұмыстарды орындауға міндетті.

4.1.4. Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіден барлық қажетті құжаттаманы қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдауға және Шартта белгіленген мерзімдерде Жұмыстарды орындауға міндетті.

4.1.5. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайынғы негізде Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер туралы олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен аффилиирленгендік белгілерінің болуын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелу мән-жайларын тексеру құқығын өзіне қалдырады.

4.1.6. Шартқа №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған Жұмыстар туралы есепті және пайдалануға беру актісін (қажет болған жағдайда) ұсынуға, Шартқа №4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған Жұмыстар актісімен орындалған Жұмыстарды тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны жазып беруге міндетті. Көрсетілген барлық құжаттарды орындалған Жұмыстардың күнтізбелік айынан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен кешіктірмей ұсынуға тиіс.

4.1.7. Орындалатын Жұмыстардың тиімділік деңгейінің Шартқа №2 қосымшада көрсетілген техникалық тапсырма талаптарынан төмен болмауын қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.8. Қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығына кепілдік беруге міндетті.

4.1.9. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толықтай немесе ішінара қандай да бір тұлғаға беруге құқылы емес.

4.1.10. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Договордың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші ұсынған немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

модельдерді, үлгілерді немесе ақпаратты Шартты орындау үшін Мердігер тартқан персоналды қоспағанда, кез келген үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті. Аталған ақпарат осы персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты көлемде ұсынылуы тиіс.

4.1.11. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз кез келген құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа мақсаттарда пайдаланбауға міндетті.

4.1.12. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушіге тиесілі мүлікті кез келген зақымдану түрлерінен немесе өзге де себептерден қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.13. Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпараттың құпиялылық режимін қатаң сақтауға, сондай-ақ Шарт тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда алынған ақпаратты/мәліметтерді қайтаруды және/немесе жоюды қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.14. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге міндетті.

4.1.15. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажетті қазақстандық тауарларды сатып алу шарттарын Тапсырыс берушімен келісуге міндетті.

4.1.16. Осы Шартты орындау шеңберінде Жұмыстарды орындау үшін қажетті жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.1.17. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы, олардың азаматтығын көрсете отырып, ақпарат ұсынуға міндетті.

4.1.18. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.19. Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстардан анықталған ақаулар туралы хабарлама ұсынған жағдайда, Мердігер оларды Тараптар келісіп белгілеген мерзімдерде жоюға міндетті. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында анықталған ақауға қатысты дау туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша сараптама тағайындалуы мүмкін, әрі оны жүргізуге байланысты шығындар қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті тарапқа жатқызылады.

4.1.20. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен, жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен Жұмыстарды орындауға міндетті. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісу бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді баламалы (тең мәнді) түрлеріне ауыстыруға құқылы (осы тармақ тендер қорытындылары бойынша шарт жасалған жағдайда қолданылады).

4.1.21. «Азаматтық қорғау туралы» заңға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқудан өткен және білімін тексеруден өткен қызметкерлерді/өкілдерді/бақылаушыларды қауіпті өндірістік объектілердегі Жұмыстарға жіберуге міндетті.

4.1.22. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Мердігер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауына қатысты тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге міндетті.

4.1.23. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.24. Жұмыстарды орындау барысында өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша қажетті іс-шаралардың сақталуын және орындалуын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектішілік өткізу режимін қамтамасыз етуге, сонымен қатар Мердігер қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші алдында толық жауапкершілік көтеруге міндетті.

4.1.25. Зияткерлік меншікті қорғауға байланысты талаптарды сақтауға міндетті. Осы мақсатта Мердігер Шарт бойынша орындалған Жұмыстар нәтижелеріне қатысты өзінің мүліктік құқықтарынан Тапсырыс берушінің пайдасына бас тартады және Тапсырыс берушінің құқықтарын іске асыруға кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

4.1.26. Еңбек қатынастары саласындағы талаптарды сақтауға міндетті (жер қойнауын пайдаланушының кен орындарында жұмыстарды орындау кезінде қосалқы мердігерлік шарттар жасалған жағдайда қолданылады).

4.1.27. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, аварияларл, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.28. Тапсырыс берушіге Мердігердің кінәсінен оның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдардың және өзге де заңды және жеке тұлғалардың талаптарымен, сот талап-арыздарымен, айыппұлдарымен байланысты шығындар мен залалды толық өтеуге міндетті.

4.1.29. Мердігердің Шарт бойынша Жұмыстарды орындауы нәтижесінде үшінші тұлға қандай да бір шығындарға (залалдарға) ұшыраған жағдайда, Тапсырыс берушіні үшінші тұлғалардың кез келген шағымдарынан және сот талқылауларынан қорғауға міндетті. Осындай шығындар туындаған жағдайда, оларды өтеу жөніндегі шығыстарды Мердігер көтереді.

4.1.30. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.31. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.32. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.33. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.34. Егер Шарттың мәні белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу болып табылса, Мердігер салынып жатқан объектіні монтаждауға, жабдықтауға жататын және (немесе) құрылыс барысында тұтынылатын тауарларды сметалық, жобалау алдындағы, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамаға сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымдардан Веб-порталда ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алуға міндетті. Мердігер коммерциялық ұсыныстарды Тапсырыс берушімен Шарт жасалған күнге дейін (тендер қорытындылары бойынша) тауар бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда, Мердігер тендер қорытындылары шығарылған күні ең төмен бағаны ұсынған сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен және/немесе сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте, егер коммерциялық ұсыныстар тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін ұсынылған жағдайда, Мердігер ұсынылатын тауарларды жеткізу туралы шарт коммерциялық ұсыныс берілген сәтте жасалған жағдайды, сондай-ақ тауар бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалық (жобалау-сметалық) құжаттама талаптарына сәйкес келмеу жағдайын қоспағанда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды. Осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады. Аталған айыппұл сомасын Мердігер төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар тиісті (түпкілікті) орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуға құқылы. Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау ретінде Мердігер Тараптар тиісті (түпкілікті) орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күнге дейін сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінен/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымнан тауарларды сатып алу туралы шарттың (-тардың) көшірмесін (-дерін), сондай-ақ тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсынады.

4.1.35. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық өндірушілердің тауарларын, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін болса, оның ішінде тендерге қатысуға берілген өтінім құрамында ұсынылған кепілдік міндеттеме бойынша сатып алуға міндетті.

4.1.36. Түпкілікті орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күнге дейін отандық өндірушілерден сатып алынған тауарлар бойынша Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені ұсынуға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.37. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін 3.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі толық орындағанға дейін қолданылу мерзімі бар Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді. Осы міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Мердігердің сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау жағдайлары бұған жатпайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаса, онда Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.38. Осы Шартты орындауға тартылатын қызметкерлерге тендерлік өтінімде көрсетілген жалақы мөлшерлерін Шарттың қолданылу мерзімі ішінде белгілеуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде тоқсан сайын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін үзінді көшірмені ұсыну мерзімінен кешіктірмей ұсынуға міндетті (осы тармақ Тәртіпке №5 қосымшаның 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші қызметкерлерінің жалақысының ең төменгі шегін (шектерін) тендерлік құжаттамада белгілеу кезінде қолданылады).

4.1.39. Мердігердің Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған еңбек жалақысы мен шығындарын ұлғайтуды қамтамасыз етуге және осы міндеттеуді орындауды растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлері аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай зейнетақы қорынан үзінді көшірмені _____ мерзімнен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынуға (Тәртіпке сәйкес қолданылады);

4.1.40. Тәртіпке сәйкес жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада ұлттық ішкі құндылықты дамыту саласындағы ұлттық даму институты қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды (бар болған жағдайда) көрсету қажет. Бұл ретте жобалау алдындағы және (немесе) жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамада тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілі екенін көрсететін өзге де мәліметтерге және/немесе құжаттарға нұсқаулардың болуына жол берілмейді, мынадай жағдайларды қоспағанда: 1) қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен толықтыру, қосымша жарақтандыру, біріздендіру немесе үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ негізгі (орнатылған) жабдықты одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде жоспарлы жөндеу (қажет болған жағдайда) үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу; 2) Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғамен өнім беруші ретінде жасасқан шарты бойынша міндеттемелерін орындау үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуы және осы шартта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге немесе өндірушіге тиесілігін айқындайтын өзге де мәліметтерге және (немесе) құжаттарға тиісті нұсқаулардың болуы (осы тармақ жобалау алдындағы, жобалық жұмыстарды сатып алу кезінде қолданылады).

4.1.41. Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың толық көлемі бойынша ішкі құндылық үлесінің есебін электрондық құжат нысанында ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады) міндетті.

4.1.42. Тапсырыс берушіге электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) Шарт шеңберінде өткен күнтізбелік жыл ішінде орындалған Жұмыстардың нақты көлемі (саны) бойынша ішкі құндылық үлесінің аралық есебін ұсынуға міндетті. Есеп Шарттың қолданылу мерзімі ішінде күнтізбелік жылдың 20 (жиырмасыншы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады (осы тармақ ұзақ мерзімді немесе ауыспалы сатып алу шарттарын жасасу кезінде қолданылады).

4.1.43. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін қандай да бір мән-жайлар туындаған жағдайда, осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.

4.1.44. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.

4.1.45. Шарт бойынша Жұмыстар аяқталғаннан кейін орындалған Жұмыстарға және пайдаланылған материалдарға қатысты барлық қажетті атқарушылық құжаттаманы екі данада қабылдау-тапсыру актісі бойынша Тапсырыс берушіге беруге міндетті.

4.1.46. Жұмыстар аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіден алынған құжаттаманы қабылдау-тапсыру актісі бойынша Тапсырыс берушіге қайтаруға міндетті.

4.1.47. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жұмыстарды орындау процесінің тоқтатылуына жол бермеу.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.48. Жұмыстарды орындауға тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек даулары туындаған жағдайда, осындай мән-жайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға өз ұйымының бірінші басшысының тікелей қатысуын қамтамасыз ету.

4.1.49. Еңбек даулары туындаған кезеңде Жұмыстарды орындаудың толық тоқтатылуына жол бермейтіндей етіп персоналдың жұмысын ұйымдастыру. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тарту.

4.1.50. Ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек даулары туындаған жағдайларға арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеу, оны Тапсырыс берушімен келісу және бекіту, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде кідірістердің алдын барынша алу мақсатында персоналды осындай жағдайларды реттеу шараларына уақтылы оқытуды қамтамасыз ету.

4.1.51. Мердігердің өз күшімен реттеу мүмкін болмайтын еңбек даулары туындаған жағдайда, Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды мүмкіндігінше жедел шешу үшін өз қаражаты есебінен білікті медиаторларды немесе өзге де мамандарды тарту.

4.1.52. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, қызметкерлердің қойылған ұжымдық талаптарына байланысты Тапсырыс берушіге барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандырудың мүмкін еместігін растайтын құжаттар және басқа да құжаттар) ұсыну.

4.1.53. Егер камералдық бақылау рәсімі, және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде мемлекеттік органдар төлем көзінен ұсталатын салықтан босатуды қолдану Мердігерге мұндай босату шарттарының қолданылмауына байланысты негізсіз жүзеге асырылғанын анықтаса, онда Мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтардың және қаржылық міндеттемелердің толық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген мән-жайлардың туындау фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

4.1.54. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Шарт жасалған күнгі жағдай бойынша қолданылатын салық салу режимі туралы ақпаратты ұсыну. Салық салудың өзге режиміне ауысқан жағдайда – жаңа режимді қолдану басталған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету. Мердігердің салық салу режимі туралы ақпаратты ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы салдарынан Тапсырыс берушіге есептелген қосымша міндетті төлемдердің (оның ішінде салықтар, өсімпұлдар және өзге де алымдар), сондай-ақ келтірілген залалдардың сомасын өтеу.

4.1.55. Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша сұратылған кезең үшін өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қою.

4.1.56. Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген Жұмыс нәтижелеріне қатысты үшінші тұлғалардың айрықша және өзге де құқықтарының, сондай-ақ оларға байланысты ақшалай талаптарының болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер орындалған Жұмыс нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды Тапсырыс берушіге беруге міндеттенеді.

4.1.57. Мердігер Тапсырыс берушіні Жұмыстарды орындау нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу туралы талаптарыздар мен шағымдардан қорғауға міндеттенеді, сондай-ақ Шартты орындау барысында және соның салдарынан туындайтын Тапсырыс берушінің мүлкіне, өз қызметкерлерінің меншігіне және денсаулығына келтірілген залалдармен немесе шығындармен, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза болуымен байланысты барлық тәуекелдер үшін жауапты болады.

4.1.58. Шартта көзделмеген, бірақ Шарт бойынша Жұмыстарды орындау талаптарынан туындайтын өзге де міндеттерді орындау.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Егер Жұмыстарды сатып алу Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылған жағдайда, Жұмыстардың жалпы көлемінің 1/3 бөлігінен аспайтын көлемін беруге құқылы. Бұл жағдайда Мердігер үшінші тұлғалардың жұмыстарды орындау процесін бақылауды өз бетінше қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Тапсырыс беруші алдында залалдарды толық өтеу арқылы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті көтереді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Мердігер Тапсырыс берушіні Шартты орындауға байланысты үшінші тұлғалардың, қосалқы мердігерлердің кез келген талаптарынан және өзге де талап қоюларынан қорғайды.

4.2.8. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Мердігерден көрсетілген құжатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған Жұмыстарды орындалған жұмыстар актісі бойынша қабылдау немесе көрсетілген мерзімде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберу. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған жағдайда, оларды жою мерзімін көрсете отырып, Мердігерге кемшіліктердің тізбесін жіберу.

4.3.3. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.4. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.5. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.6. Орындалатын Жұмыстардың көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне бақылау және қадағалау жүргізу.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Егер Мердігер орындалған Жұмыстардағы кемшіліктерді жою, шарттық міндеттемелер талаптарын орындау жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, бұзушылықтар жойылғанға дейін жазбаша нұсқама арқылы Жұмыстарды орындауды толықтай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы өкім беруге құқылы.

4.4.8. Мердігерден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды өтеу бойынша төлемдерді, сондай-ақ есептелген өсімпұлдар мен айыппұл сомаларын төлеуді талап ету.

4.4.9. Ескертулер болған жағдайда, олар толық жойылғанға дейін орындалған Жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тарту.

4.4.10. Кез келген уақытта өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып, Жұмыстардың орындалу барысы мен сапасын, Шарт талаптарының сақталуын, Жұмыстарды орындау мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың болуы мен сапасын, автокөлік пен арнайы техниканың болуын, Мердігер (қосалқы мердігерлер) мамандарының біліктілігін және т.б. тексеруге құқылы, бұл ретте Мердігер тиісті қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті. Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелер талаптарының сәйкессіздіктері мен бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші анықталған бұзушылықтарды Тапсырыс беруші мен Мердігер өкілдері

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қол қойған тиісті актіде көрсетеді (Мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болып табылмайды), бұл ретте Мердігерге (қосалқы мердігерге) көрсетілген сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Жұмыстарды орындау үшін өндірістік объектілерге кіруге рұқсат беруден бас тартылуы мүмкін.

4.4.11. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты қамтитын банктік үзіндіні, оның ішінде Мердігердің атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын көрсете отырып, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сұрауы бойынша осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты ұсыну.

4.4.12. Мердігерден Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметі бойынша қаржылық есептілікті сұрату.

4.4.13. Егер Тапсырыс берушіде Жұмыстарға деген қажеттілікті азайту қажеттілігі туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші қосымша келісім жасасу арқылы Жұмыстарға деген қажеттілікті азайту құқығын өзінде қалдырады. Бұл ретте Тапсырыс беруші Мердігерге нақты орындалған Жұмыстар көлемі үшін ақы төлейді.

4.4.14. Егер Тапсырыс берушіде Жұмыстарға деген қажеттілікті, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасы төмендеген жағдайда, азайту қажеттілігі туындаса, Тапсырыс беруші өзіне мынадай құқықтарды қалдырады:

4.4.14.1. Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта Шартты бұзу болжанатын күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.4.14.2. Қосымша келісім жасасу арқылы Жұмыстарға деген қажеттілікті азайту. Бұл ретте Шарттың 4.4.14.1 және 4.4.14.2-тармақтарында көрсетілген жағдайларда Тапсырыс беруші Мердігерге нақты орындалған Жұмыстар көлемі үшін ақы төлейді.

4.4.15. Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін Мердігердің немесе қосалқы мердігердің(лердің) персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс берушінің объектілеріне кіруін анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін шектеу.

4.4.16. Шарт талаптарына сәйкес, кез келген уақытта және Тапсырыс берушінің шарттық/шарттан тыс аумағындағы кез келген жерде/объектіде барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттарымен (Қазақстан Республикасының көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көлік жүкқұжаты, ТМҚ қабылдау-беру актісі және т.б.) тексеруге және қарап-тексеруге құқылы. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралының, арнайы техниканың және жүргізушінің шарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіруіне жол бермеуге, сондай-ақ оларды аумақ шегінен шығаруға немесе Тапсырыс берушінің шарттық/шарттан тыс аумағындағы жерде/объектіде құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы.

4.4.17. Мердігерден өндірістік қуаттардың, активтердің болуын растайтын құжаттарды және қаржылық тұрақтылықты растайтын өзге де құжаттарды ұсынуды сұрату, сондай-ақ Мердігерге шығу арқылы тексерулер жүргізу.

4.4.18. Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзуы/орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында, Шарттың 7.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан бөлек, Тапсырыс беруші Шарттың 8.3-тармағына сәйкес шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тексеруге құқылы.

5.2. Мердігердің орындалған Жұмыстарды тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған, «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінде Шартқа №4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген орындалған жұмыстар актісімен немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде ресімделген орындалған жұмыстар актілерімен рәсімделеді. Орындалған жұмыстар актілері Мердігер тарапынан Жұмыстар орындалған күннен кешіктірілмей жіберіледі, сондай-ақ Мердігер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шот-фактураны жазып береді. Егер Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар жабдыққа техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге және/немесе монтаждауға байланысты болса, онда Мердігер орындалған жұмыстар актісімен бірге қосымша Тапсырыс берушіге екі Тарап та қол қойған мынадай құжаттарды ұсынады: жөндеу қоры бойынша тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау-беру актісі (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша); жөндеу қоры бойынша тауарлық-материалдық құндылықтарды орнату актісі (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша); Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында көзделген өзге де актілер.

5.3. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды №1,2 қосымшаларына және Шарттың өзге де талаптарына сәйкес тексеруді жүзеге асырады.

5.4. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Мердігер 5 (бес) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер мойындаған болып саналады

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 10 (он) ішінде хабарламаны алған сәттен бастап Жұмыстардың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе ұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе Жұмыстардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.5. Егер Тапсырыс беруші 10 (_____) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізіледі.

5.6. Егер Жұмыстардағы ақауларды жоюдың кешігуі Мердігердің кінәсінен орын алса, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

5.7. Жұмыстарды қабылдау кезінде Жұмыстарда кемшіліктер немесе Шарттан ауытқулар анықталған, олар Жұмыстардың сапасын нашарлататын болса, Тапсырыс беруші Шарттың 5.4-тармағында белгіленген мерзім шегінде бұл туралы Мердігерге дереу жазбаша түрде хабарлайды, бұл ретте Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша:

5.7.1. (Егер Шарттың нысанасы құрылыс жұмыстарын орындау болып табылса – Жұмыстар нәтижелерін мақсатқа сай пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын және Мердігер, Тапсырыс беруші немесе өзге тұлға тарапынан жойылуы мүмкін емес кемшіліктер анықталған жағдайда) Жұмыстар нәтижелерін қабылдаудан және олар үшін ақы төлеуден бас тартуға, ал егер олар төленген болса, төленген қаражатты қайтаруды талап етуге және алуға, сондай-ақ келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге және алуға құқылы. Тапсырыс беруші актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тараптар (Тапсырыс берушінің тиісті талабы болған кезде) қажетті қосымша жұмыстардың тізбесі мен оларды орындау мерзімдері көрсетілген екіжақты акт жасайды (Тапсырыс берушінің Шарт талаптарына сәйкес Шартты орындаудан бас тарту жағдайларын қоспағанда).

5.7.2. Жұмыстар нәтижелерін қабылдауға, өз таңдауы бойынша Мердігерден Жұмыстар үшін белгіленген бағаны мөлшерлес азайтуды немесе Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігердің Жұмыстардағы кемшіліктерді жоюын, не өз күшімен немесе үшінші тұлғалардың көмегімен кемшіліктерді түзетуге жұмсаған шығындарын өтеуді талап етуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау кезінде Жұмыстарда кемшіліктер анықталған жағдайда, орындалған жұмыстар актісінде немесе қабылдауды куәландыратын өзге де құжатта Тараптар аталған кемшіліктерді немесе оларды кейіннен жою туралы талап қою мүмкіндігін көрсетеді. Тапсырыс беруші Шарттың 5.8-тармағына сәйкес белгіленген мерзімдер шегінде анықталған кемшіліктерді жоюға жұмсалатын шығындарды жабу үшін Мердігерге тиесілі төлемнің бір бөлігін ұстап қалуға құқылы.

5.8. Шарттың 5.7-тармағының 5.7.1 және 5.7.2-тармақшаларында белгіленген талаптарды Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдау кезінде анықталған кемшіліктерге байланысты, сондай-ақ кейіннен анықталған (оның ішінде Жұмыстардың орындалғаны туралы актіге қол қойылғаннан кейін анықталған жасырын кемшіліктерге) қатысты кепілдік мерзімі ішінде немесе (егер кепілдік мерзімі Шартта көзделмеген болса) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген өзге мерзім ішінде қоюы мүмкін.

5.9. Мердігер (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезиденті) Шарттың 5.10-тармағына сәйкес оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында 183 күнтізбелік күннен астам (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны расталған жағдайда, Жұмыстар орындалған айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 693-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасына жіберілген шетелдікпен немесе азаматтығы жоқ тұлғамен Мердігер жасасқан еңбек шарттарының (келісімшарттарының) және/немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін, не Қазақстан Республикасына жіберілген Мердігер қызметкерлерінің кірістері туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжатты ұсынады (осы тармақ Мердігер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

5.10. Мердігер (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезиденті) ай сайын Жұмыстар орындалған айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей, Шартқа сәйкес Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігер қызметкерлерінің Жұмыстарды орындау кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағына кіргенін және Қазақстан Республикасының аумағынан шыққанын растайтын құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ есепті аймен аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезең ішінде оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында 183 күнтізбелік күннен аз (немесе көп) болғанын (келу және кету күндерін қоса алғанда) растайтын Мердігердің растауын ұсынады (осы тармақ Мердігер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Мердігер Жұмыстардың сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген белгіленген талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТУ, ОСТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келетініне кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстарды Тапсырыс беруші қалыпты пайдаланған жағдайда, олардың конструкциясына, материалдарына немесе орындалу сапасына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап белгіленген 12 ай ішінде ішіндегі Жұмыстардың сапасына кепілдік береді

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақулықтар немесе олардың Шарт талаптарына сәйкессіздігі анықталса, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы ақаулықтарды жоюдың Кепілдік мерзімі осы ақауларды жою сәтінен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша барлық шығындарды Мердігер көтереді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.4. Егер Жұмыстардағы ақаулықтарды жою бойынша кешіктіру Мердігердің кінәсінен орын алатын болса, онда кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

6.5. Аяқталған объектіні пайдалану барысында жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Шарттың 6.2-тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға немесе Мердігерден Жұмыстарды қайта орындауды, не Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз күшімен жоюға жұмсаған шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Мердігерді Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушінің бұдан әрі орындалатын Жұмыстардың мерзімдеріне, көлемдеріне және сапасына қатысты талаптар қою құқығынан айырмайды.

6.7. Мердігер осы арқылы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Жұмыстар нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтардың үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Жұмыстар нәтижелеріне қатысты айрықша құқықтар жөнінде талаптар немесе наразылықтар қойған жағдайда, Мердігер осы кепілдіктер талаптарын бұзған кезде, Тапсырыс берушіге осыған байланысты туындаған барлық залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеде белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.3. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын Мердігер сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10% аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауап береді. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.4. Мердігер Шартта көзделген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.5. Мердігер Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.6. Осы Шартты орындау үшін тартылатын жұмыскерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді Шарт талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін;

7.2.7. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада ұлттық ішкі құндылықты дамыту саласындағы ұлттық даму институты қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды (бар болған жағдайда) негізсіз көрсетпеген жағдайда, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл түріндегі жауаптылықта болады. Аталған айыппұлды Мердігер төлеуге міндетті немесе оны Тапсырыс беруші Тараптар Жұмыстарды орындаудың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуға құқылы.

7.2.8. Мердігер еңбек қатынастары саласындағы талаптарды орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

орындаудан бас тартуға құқылы (жер қойнауын пайдаланушының кен орындарында жұмыстар орындалған жағдайда қосалқы мердігерлік шарттар жасасу кезінде қолданылады).

7.2.9. Мердігер қызметкерлері, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.2.10. Мердігер өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан және/немесе орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, форс-мажорлық мән-жайларды қоспағанда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.11. Осы Шарттың 7-бөлімінде көзделмеген, осы Шартты орындау барысында өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер осы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.2.12. Мердігердің бастапқы есепке алу құжаттарын уақтылы ұсынбауы осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамау болып танылады және Мердігердің тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеу міндеттемесіне әкеп соғады.

7.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жүргізген және Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, және (немесе) Шарт тоқтатылған (оның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайда, Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақша қаражатын (шығыстары орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндетті. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақша қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтарылуға тиіс соманың 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.

7.4. Мердігер Тапсырыс берушіні кез келген қолданыстағы немесе ықтимал міндеттемелерден, наразылықтардан, талап-арыздардан, сот талқылауларынан және талаптардан босатуға міндеттенеді және үшінші тұлғалардың Мердігердің Шартты орындау кезіндегі әрекеттерінен туындауы мүмкін немесе сол әрекеттерге байланысты қойылатын наразылықтары, талап-арыздары немесе өзге де талаптары болған жағдайда, келтірілген залалдарды, оның ішінде шығындарды (оның ішінде, шектеусіз, сот шығындарын) өтеуге кепілдік береді. Бұл талаптар сот тәртібімен мұндай залалдардың Тапсырыс берушінің қасақана құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде туындағаны анықталған жағдайларға қолданылмайды.

7.5. Мердігер Тапсырыс берушінің талабын алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын Мердігердің бұзуына байланысты құзыретті мемлекеттік органдар өндіріп алған барлық төлемдерді Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті.

7.6. Тапсырыс беруші Жұмыстардағы кемшіліктерді өз күшімен және өз қаражаты есебінен, оның ішінде кепілдік мерзімі шеңберінде жойған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мұндай шығындарды өтейді.

7.7. Мердігер және оның қосалқы мердігері Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбекақысын төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7.8. Өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық көлемде өтелуге тиіс.

7.9. Мердігер заңнама талаптарын сақтамауына байланысты, оның ішінде салықтық және өзге де міндетті төлемдерді төлеу талаптарын бұзуына, сондай-ақ ҚҚС бойынша декларацияға қосымшаларда мәліметтердің уақтылы көрсетілмеуіне байланысты, Мердігерге тәуелді себептер бойынша туындаған уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе уәкілетті тұлғалардың, сондай-ақ өзге де заңды және жеке тұлғалардың наразылықтарына, сот талап-арыздарына, айыппұлдарына, әкімшілік және/немесе сот талаптарына байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық шығындар мен залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті.

7.10. Мердігер бюджетке тиісті салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге, төлеуге, сондай-ақ салық есептілігін дұрыс жасауға және оны салық органына уақтылы ұсынуға міндетті. Егер уәкілетті мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулар туралы мәліметтердің көрсетілмеу (төленбеу) немесе расталмау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушінің контрагенттеріне Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кету сомасын қайтарудан бас тартылса немесе оларға қосымша салықтар мен өзге де міндетті төлемдер есептелсе, Мердігер Тапсырыс берушіге қайта есептелген төлемдер сомаларын, оның ішінде салықтарды, өсімпұлдарды және өзге де төлемдерді өтеуге, сондай-ақ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан контрагенттерге бас тартылған ҚҚС сомасы мөлшерінде біржолғы тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді. Көрсетілген сомалар Тапсырыс берушінің мұндай қайта есептеу (бұзушылық) туралы тиісті хабарламасын және өтеу (төлеу) туралы талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге төленуге тиіс. Мердігер осы тармақ бойынша тек өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ғана емес, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға өзі тартқан қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), жұмыскерлердің, агенттер мен қызметкерлердің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де жауапты болады, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, Тапсырыс берушінің контрагенттеріне қосылған құн салығының қайтарылмауына және уәкілетті мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялардың қосымша есептелуіне әкеп соққан жағдайда.

7.11. Тапсырыс беруші:

7.11.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

7.11.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімі өткен күнтізбелік әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.11.3. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктірілген соманың 0,1%-ы мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.11.4. Тапсырыс беруші құжаттарды ұсыну мерзімін кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.12. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.13. Қолданылмайды.

7.14. Тапсырыс беруші шоттарды дұрыс ресімдемеу салдарынан туындаған төлемдерді кешіктіргені үшін жауапкершілік көтермейді және Мердігерге өсімпұл төлемейді.

7.15. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші келтірілген залалдарды және алынбай қалған пайданы өтеуді талап етуге құқылы.

7.16. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.17. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 7.13-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ форс-мажорлық мән-жайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.18. Тараптар міндеттемелерді бұзу деп оның орындалмауын немесе тиісінше орындалмауын (Жұмыстардың уақтылы орындалмауы, орындалған Жұмыстарда кемшіліктердің болуы, осы Шарт бойынша міндеттемелерде және оған қосымшаларда айқындалған өзге де талаптардың бұзылуы) түсінетіндігі туралы келісті. Мердігердің кінәсі болмаған жағдайда, міндеттемелерді тиісінше орындау мүмкіндігі болмаған кезде, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға міндетті. Бұл ретте мұндай хабарлама міндетті түрде негізделген және жеткілікті дәрежеде дәлелді болуы тиіс. Мердігер осы тармақта көзделген әрекеттерді орындамаған жағдайда, Мердігердің кейіннен мұндай мән-жайларға сілтеме жасау құқығы жойылады.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсыныстың енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.4. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.4.1. Тауарларды сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты:

8.4.1.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.4.1.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда, алқалы атқарушы органның/бақылау кеңесінің шешімі негізінде (Тапсырыс берушінің басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) алқалы атқарушы органы/бақылау кеңесі болмаған жағдайда). Тауарларды сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығындарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4.2. Осы Шартты орындау барысында Өнім берушінің Тәртіптің 31-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген талаптарды бұзғаны анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Өнім берушіден келтірілген залалды толық көлемде өтеуді талап етуге құқылы;

8.5. Тауарды сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де жағымсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда, не өндірістік қажеттілік болмаған кезде алқалы атқарушы органның/бақылау кеңесінің шешімі негізінде (Тапсырыс берушінің басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) алқалы атқарушы органы/бақылау кеңесі болмаған жағдайда) жол беріледі. Сатып алу туралы шартты Тауарды сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты орындаудан бас тартуға Өнім берушіге оның іс жүзінде шеккен шығындарын Тапсырыс беруші төлеген жағдайда жол беріледі.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетілуге, күшін жоятын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енетін күн көрсетілуге тиіс. Осы Шарттың 8.4.1.2-тармақшасында көзделген негіз бойынша Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші оны орындауға байланысты Шарт бұзылған күнгі жағдай бойынша тек іс жүзінде шеккен шығындарын өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Шарт Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Тараптардың бірінің жазбаша талабы бойынша Шартта, Сатып алу тәртібінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер мен тәртіпке сәйкес біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін. Шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылған жағдайда, бастамашы Тарап Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді.

8.8. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.9. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9.6. Тараптар заңды мекенжайға, нақты орналасқан мекенжайға және банктік деректемелерге қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бір-бірін бұл туралы дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап, Тапсырыс берушінің уәкілетті органы оны жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер Тапсырыс берушінің Жарғысына сәйкес мұндай шешімді Тапсырыс берушінің уәкілетті органы қабылдауы қажет болса), күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету кезеңіне, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарға сәйкес мөлшерлес мерзімге ұзартылады.

11.4. Шарттың 11.2-тармағында көзделген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайларға міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуларды жүргізуге құқылы.

11.6. Мердігер еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету кезеңінде орындалған Жұмыстарды және Мердігердің барлық Материалдары мен Жабдықтарын, ресурстарын және Жұмыстарға байланысты өзге де позицияларды, сондай-ақ салынған және Тапсырыс берушіден қабылданған объектілерді залалдың, бүлінудің, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Мердігер төменде көрсетілген ескертпелер бойынша мынадай кепілдіктерді сақтайды: мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері немесе тікелей не жанама иелері болып табылатын саяси мәні бар тұлғалары жоқ. Мердігер қандай да бір саяси мәні бар тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері болған немесе Мердігерге тікелей немесе жанама қатысу үлесін иеленген барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді; заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған, қандай да бір заңсыз мақсаттарды көздемейді және тек заңды қаржыландыру көздеріне ие; Мердігер және оның үлестес тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған және кінәлі деп танылмаған. Мердігер өзі немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді; Мердігер Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында орналастырылған Іскерлік әдеп кодексімен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бойынша танысқанын растайды. Мердігер Тапсырыс берушінің Іскерлік әдеп кодексі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Осы бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша, сондай-ақ Шарттың мәніне қатысты сот органдарының сұрауы бойынша және сот талқылауы барысында құпия ақпаратты ашу жағдайларына қолданылмайды.

14.4. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

15. Өзге шарттар

15.1. Шарт қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды, әрбір Тарапқа бір-бір данадан беріледі. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

15.2. Осы Шартқа жасалған барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар, Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық түрде қол қойған және жазбаша нысанда жасалған жағдайда, Тараптардың мекенжайы мен деректемелерінің өзгеруіне байланысты құжаттарды қоспағанда, оның ажырамас бөлігі болып табылады. Шартқа веб-портал арқылы электрондық нысанда қол қойылған сәттен бастап Өнім беруші веб-порталда орналастырылған және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың барлық қосымшаларымен танысқан, олармен келіскен және оларға қосылған болып есептеледі.

15.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған және реттеледі. Шарт талаптарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

15.4. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

16. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	_____
Астана қ., "Нұра" ауданы, Қабанбай Батыр, 17 ғимарат, т.е.б.	_____
16,	_____
БСН 140340010451	БСН _____
БСК HSBKKZKX	БСК _____
ЖСК KZ546010111000193945	ЖСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	_____
Тел.: +7 (717) 260-9329	Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
6 Р	Әдістемелік құжаттарды әзірлеу / түзету бойынша жұмыстар, Әдістемелік және соған ұқсас құжаттарды жасау/түзеті жұмыстары	Сутекті сақтау үшін TiFe қорытпаларын синтездеу әдістемесін есептік модельдеуді қолдана отырып әзірлеу жұмыстары	1.000	1.000	-		26 785 714.29	ҚАЗАҚСТАН, Атырау облысы, Атырау Қ.Ә., Атырау қ., мкр. Нұрсая, проспект Елорда, ст-е 10	-	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке работ №_____

г._____ «__»_____2026 г.

